

**Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы № 170 "Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қазандағы № 244 қаулысы . Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қазанда № 7442 болып тіркелді

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астрахан ауданы әкімдігінің "Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" 2016 жылғы 5 тамыздағы № 170 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5510 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

""Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н.Сеилов*